

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 2023 жылға арналған жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері туралы

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2023 жылғы 17 сәуірдегі № 2/5 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 21 сәуірде № 7479-15 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Су кодексінің 38-бабы 5) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" кодексінің 569-бабына сәйкес, және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 223 "Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақыны есептеу әдістемесін бекіту туралы" бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5675 болып тіркелген) бекітілген жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемді есептеу әдістемесінің негізінде, Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 2023 жылға арналған жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының
төрағасы

В. Бубенко

Солтүстік Қазақстан
облыстық мәслихатының
2023 жылғы 17 сәуірдегі
№ 2/5 шешіміне қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 2023 жылға арналған жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері

Р/с №	Өзен, көл, теңіз бассейндері	Арнайы су пайдалану түрі	Өлшем бірлігі	Төлемақы мөлшерлемелері, теңге
1		Тұрмыстық-пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 текше метр	185,19
2		Өнеркәсіп, жылу энергетикасын қоса алғанда	теңге/1000 текше метр	513,07

3	Есіл өзенінің бассейні	А у ы л шаруашылығы	теңге/1000 текше метр	145,73
4		Су көздерінен су тартуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге/1000 текше метр	145,73
5		Гидроэнергетика	теңге/1000 киловатт /сағат	51,61
6		Су көлігі	теңге/1000 көліктік километр	15,18

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ